

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 14 сәуірдегі V шақырылған XXVI сессиясының № 1024/26 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 мамырда № 2634 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 1115/33 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 09.04.2015 № 1115/33 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е. Керимкулов

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Ә. Сатова

КЕЛІСІЛГЕН

"Шахтинск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Р. Меллятова

2014 жылғы 14 сәуір

2014

жылғы

14

сәуірдегі

қалалық

мәслихатының

бекітілген

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер - жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия - өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер тұлғаның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Шахтинск қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі - ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік м е р е к е к ү н д е р і ;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

7) өмірлік қиын жағдай - азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), қаладағы ауданның халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;

9) уәкілетті ұйым - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

10) учаскелік комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Әлеуметтік көмек Шахтинск өңірінде тұрақты тұратын азаматтарға ұ с ы н ы л а д ы .

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан - әрі алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сонымен қатар атаулы күндер және мерекелік күндерінде жергілікті атқарушы органдармен (бұдан - әрі ЖАО) ақшалай және табиғи түрінде ұсынылатын көмек болып түсіндіріледі.

5. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген тұлғаларға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабында және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген т ә р т і п п е н к ө р с е т і л е д і .

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндердің және мерекелік күндердің т і з б е с і :

- 1) 9 мамыр - Жеңіс Күні;
- 2) 1 маусым - балаларды қорғау Күні;
- 3) 1 қазан - Қарттар Күні;
- 4) Мүгедектер күні (қазанның екінші жексенбісі);
- 5) 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Бірінші Президенттің Күні.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстардың атқарушы органдарымен (республикалық маңызы бар қала, астана) бекітілетін ереже негізінде а т қ а р а д ы .

Арнайы және учаскелік комиссия туралы үлгілік ережелер орталық атқарушы органмен б е к і т і л е д і .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу тәртібі

8. Әлеуметтік көмек алушылардың тізбесі:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
- 2) Ұлы Отан соғыс жылдарында тылда мінсіз әскери қызмет және қайсар еңбек үшін бұрынғы КСР одағы медальдары және ордендармен марапатталған тұлғалар, оның ішінде "Германияны жеңгені үшін" марапатталғандар;
- 3) қоршаудағы Ленинград тұрғындары;
- 4) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамында адамдары;
- 5) фашистік лагерлердің кәмелетке толмаған тұтқындары;
- 6) қайта некеге тұрмаған, мерт болған әскери қызметшілердің жесір әйелдері;
- 7) қайтыс болған Ұлы Отан соғыс мүгедектерінің әйелдері (күйеулері), қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);
- 8) 6 айдан кем емес Ұлы Отан соғыс жылдарында жұмыс жасаған, азаматтар (басып алынған аумақтағы жұмыстан басқа);
- 9) Чернобыль АЭС-індегі және басқа да ядролық нысандарда апатты жойған қатысушылар;
- 10) Басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан

осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

11) мерт болған сарбаздардың отбасылары;

12) 75 жасқа келген және асқан азаматтар;

13) 1, 2, 3 топтағы мүгедектер;

14) 16 жастағы дейінгі мүгедек - балалар, 16 бастап 18 жасқа дейінгі мүгедек - балалар;

15) аз қамтылған азаматтар (отбасылар);

16) амбулаториялық емделу кезінде, әлеуметтік мәні бар «туберкулез» ауруы болса.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді -Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта бір рет) көрсетіледі.

10. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстық ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

11. Азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзалананың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

12. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтарға әлеуметтік көмектің шекті өлшемі 85 айлық есептік көрсеткіштен аса алмайды.

13. Апатты оқиға немесе өрт, өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекті ұсынумен хабарласқан азаматтардың өтініші көзделген жағдайлардың туындаған күннен бастап алты айдан кешіктірмей уәкілетті органмен қарастырылады.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін

арнайы комиссия жергілікті бюджет қаражатын ескере отырып айқындайды, және оның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды көрсетеді.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу тәртібі

Ескерту. 3-тарауының атауы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Әлеуметтік көмек атаулы күндер және мереке күндеріне, алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынысы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

16. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
 - 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
 - 3) тұлғаның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
 - 4) тұлғаның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
 - 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе
- қ ұ ж а т т ы** **ұ с ы н а д ы .**

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларға және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қ а й т а р ы л а д ы .

18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

19. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, тұлғаның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

20. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

21. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзгеде уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұлғаның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

23. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

24. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 20 және 21 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда-негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

26. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

27. Өмірлік қиын жағдайдағы азаматтарға отбасының жан басына шаққандағы орташа табыстын есебімен, отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табыстын шегі - ең төмен күнкөріс деңгейі облыстардағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері орнатылады.

28. Әлеуметтік көмек уәкілетті органмен банк операциялардың тиісті түрлеріне қаржылық ұйымдардың және қаржылық нарықты бақылау және реттеу

бойынша уәкілетті органның лицензиясы бар, ұйымдарда ашылған банк шоттарына аудару жолымен екінші деңгейдегі банктарға ақшалай түрде ұ с ы н ы л а д ы .

29. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

30. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

4. Көрсетілген әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

Ескерту. 4-тарауының атауы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 23.12.2014 № 1094/32 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

31. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға к е т к е н ;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға ж і б е р г е н ;
- 4) алушы ұсынған, күмәнді мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда т о қ т а т ы л а д ы .

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап т о қ т а т ы л а д ы .

32. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

33. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган " Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК